

5 сынып жетекшісінің 2023 – 2024 оқу жылының атқарған тәрбие жұмыстарының жылдық есебі

2023 – 2024 оқу жылы жылы 5 сынып оқушыларына оңай болған жоқ: бастауыш сыныптан орта мектепке ауыса отырып, олар жаңа оқу жүйесіне үйреніп, жаңа пәндермен танысты.

Сондықтан білім алушыларды тәрбиелеуде алдына мақсат қойды

Оқу жылына арналған мақсаттар:

-әр баланың максималды дамуы, оның бірегейлігін сақтау және ондағы әлеуетті қабілеттерін ашу; сынып ұжымын және әр баланың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін зерттеу; өзін-өзі басқару органдарын қалыптастыру; ата-аналардың әлеуметтік құрамын зерттеу, олардың бала тәрбиесіндегі мақсаттары мен қажеттіліктерін анықтау; тәрбиедегі қиындықтарды анықтау және олардың себептерін анықтау.

Сыныпта 3 оқушы бар. Оның 3-і қыз бала. Әлеуметтік жағынан қорғалатын оқушыларға көңіл бөлініп отырады. Әлеуметтік мәртебесі бойынша саралағанда, аз қамтамасыз етілген және толық емес отбасынан -1 оқушы.

Әлеуметтік мәртебесін айғақтайтын құжаттар жинақталып, арнайы папка жасалынды. Осы мәртебедегі оқушылардың іс-шараларға қатынасуы басты назарда ұсталынып отырды. Оқулықпен толық қамтамасыз етіліп, қажетті құжаттар жинақталынды.

Оқушылардың сабаққа бейімділіктерін анықтау мақсатында мектеп психологтары сабақтарға қатысып анализ жүргізілді.

Медбикемен бірлікте сабаққа қатыспаған оқушы дер кезінде анықталып отырды. Оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы 66.7%.

Сыныпта тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі –МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып, бекітілді.

Ұлттық құндылықтар бойынша ұйымдастырылған жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралар өз уақытында өткізілді. Тәрбие жұмысы бойынша оқу жылына қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізілді.

2024- 2025 оқу жылына келесі міндеттерді жүзеге асыруды жоспарлап отырмын:

Оқушылардың жеке ерекшеліктерін дамыту арқылы ұжымды біріктіру; Оқушылар ұжымында өзін-өзі басқаруды дамыту; тұлғаның құндылық қасиеттерін дамыту (достық, мейірімділік, сезімталдық т.б.); Патриоттық сезімге тәрбиелеу; Оқушылардың өз бетінше білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу технологияларын меңгеруін қамтамасыз ету.

Сынып жетекшісі:



Сапахов Ж.К.